

Қазақстан Республикасы - Республика Казахстан

Құрылтай жиналысының
азаматтар-бастамашыларының хаттамасымен
БЕКІТІЛГЕН,
202__ ж. «____» _____ №1 хаттама

УТВЕРЖДЁН
Протоколом Учредительного собрания
граждан-инициаторов,
№ 1 от «____» _____ 202__ г.

**«Қазақстан тау жыныстары механикасы қоғамы»
ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ
ЖАРҒЫСЫ**

**УСТАВ
ОБЩЕСТВЕННОГО ОБЪЕДИНЕНИЯ
«Казахстанское Общество Механики Горных Пород»**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 «Қазақстан тау жыныстары механикасы қоғамы» қоғамдық бірлестігі, осыдан әрі "Бірлестік" деп аталады, өз мүшелерінің (қатысушыларының) еріктілігі, тең құқықтылығы, өзін-өзі басқару, қызметінің заңдылығы, есептілігі мен жариялылығы негізінде құрылып, жұмыс істейді.

1.2 Бірлестік мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап заңды тұлға құқығына ие болады және өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, Қазақстан Республикасының 31.05.1996 ж. "Қоғамдық бірлестіктер туралы" және 16.01.2001 ж. "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" Заңдары, өзге де нормативтік құқықтық актілері шеңберінде осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

1.3 Бірлестіктің мәртебесі – Алматы қаласы аумағында қызмет жүргізетін жергілікті қоғамдық бірлестік. Бірлестікте құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) жоқ.

1.4 Бірлестіктің атауы:

- мемлекеттік тілде: «Қазақстан тау жыныстары механикасы қоғамы» қоғамдық бірлестігі, қысқаша «ҚазТЖМҚ» ҚБ;
- орыс тілінде: Общественное объединение «Казakhstanское Общество Механики Горных Пород», қысқаша ОО «КазОМПП»;
- ағылшын тілінде: «Kazakhstan Society for Rock Mechanics» public association, қысқаша «KazSRM» PA.

1.5 Бірлестіктің тұрған жері (мекен-жайы) және тұрақты жұмыс істейтін басшы органы орналасқан орын: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, 050026, Әуезов көшесі, үй №14А.

1.5 Бірлестіктің қызмет жүргізу мерзімі шектелмеген.

2. ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ МӘНІ

2.1. Бірлестік Халықаралық тау жыныстары механикасы қоғамы мен Қазақстан Республикасындағы жергілікті мамандар тобы арасындағы өзара іс-қимыл мақсатында құрылған.

2.2 Бірлестік қызметінің мәні болып табылатындар:

1. тау жыныстары механикасы және сабақтас пәндер саласындағы ғалымдар мен инженерлер арасындағы ғылыми зерттеулер мен халықаралық ынтымақтастық арқылы академиялық және технологиялық прогреске үлес;
2. тау жыныстары механикасының Ұлттық тобы мен халықаралық қоғамын енгізуге белсенді қатысу;
3. өз мүшелерінің ғылыми-зерттеу жұмысы, сондай-ақ Геотехника саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер саласындағы бастамаларын ынталандыру және қолдау;
4. Қазақстандық тау жыныстары механикасы қоғамының жер қойнауын пайдалану жөніндегі тәуелсіз сарапшыларының Әдеп кодексін сақтау арқылы ұйым мүшелерінің кәсіби мінез-құлқының жоғары стандарттарын қолдау.

2.3 Бірлестік өзінің жарғылық мақсатына жету үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, өзінің жарғылық мақсаттарына сай келуіне қарай кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыруға құқылы. Бірлестік кәсіпкерлік қызметінен алған табыстар мен шығындарды есепке алады.

3. БІРЛЕСТІКТІҢ МҮЛКІ

3.1 Бірлестікте жалпы және айналым қаржысынан және басқа да тұратын оңашаланған мүлкісі бар, олардың бағасы оның балансында қамтып көрсетіледі.

3.2 Қоғамдық бірлестіктің қызметті материалдық жағынан қамтамасыз ету үшін қажетті объектілер оның меншігі болып табылады, бұған Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынған объектілер қосылмайды.

Қоғамдық бірлестіктің мүлкі, егер кіру жарналары мен мүшелік жарналарды төлеу жарғыда көзделген болса, кіру жарналары мен мүшелік жарналардан, ерікті жарналар мен қайырмалдықтардан, жарғыға сәйкес лекциялар, көрмелер, спорттық және өзге де іс-шаралар өткізуден түскен түсімдерден, өндірістік және өзге де шаруашылық қызметтен алынған кірістерден және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған басқа да кірістерден қалыптасады.

Егер Қазақстан Республикасының өзін-өзі реттеу туралы заңнамасында өзгеше көзделмесе, қоғамдық бірлестіктер мүшелерінің (қатысушыларының) осы бірлестіктерге өздері берген мүлікке, оның ішінде мүшелік жарналарға құқықтары болмайды. Егер Қазақстан Республикасының өзін-өзі реттеу туралы заңнамасында өзгеше көзделмесе, олар өздері мүшелері (қатысушылары) ретінде қатысатын қоғамдық бірлестіктердің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал аталған бірлестіктер өз мүшелерінің (қатысушыларының) міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

Қоғамдық бірлестігінің меншігі Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалады.

Заңнамалық актілерге сәйкес коммерциялық емес ұйымның мүлкін ақшалай және өзге де нысандарда қалыптастыру көздері:

- 1) құрылтайшылардан (қатысушылардан, мүшелерден) түскен түсімдер;
- 2) ерікті мүлктік жарналар мен қайырмалдықтар;
- 2-1) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда міндетті мүлктік жарналар;
- 3) заңдарда белгіленген жағдайларда тауарлар сатудан, жұмыстардан, қызмет көрсетуден түскен түсімдер (кіріс);
- 4) акциялар, облигациялар, басқа да бағалы қағаздар және салымдар (депозиттер) бойынша алынған дивидендтер (кірістер, сыйақы (мүдде));
- 5) заңмен тыйым салынбаған басқа да түсімдер, заң актілеріне сәйкес, коммерциялық емес ұйымның мүлкін ақшалай және өзге де нысандардағы құрау көздері болып табылады.

3.3 Бірлестік Қазақстан Республикасының қолданылатын заңдарға сәйкес өз мүлкімен иеленуді, пайдалануды және қарауды жүзеге асырады.

4. БІРЛЕСТІКТІҢ ТАБЫСЫ ЖӘНЕ ҚОРЛАРЫН ҚҰРУЫ

4.1 Бірлестіктің кәсіпкерлік қызметінің нәтижелері негізінде алынған табыстары және басқа да түсімдер мүшелер арасында бөлінуге жатпайды және оның жарғылық мақсатына жетуіне, қызметінің дамуына, соның ішінде Бірлестіктің жобалары мен бағдарламаларын қаржыландыруға пайдаланады.

Табыс пен басқа түсімдерді пайдалану туралы шешімді осы Жарғыға сәйкес Бірлестіктің Директорлар кеңесі қабылдайды.

4.2 Бірлестікте келесі әртүрлі қорлар құрылу мүмкін (Бірлестіктің даму қоры, материалдық мадақтау, әлеуметтік қоры және басқа да қорлар).

Бірлестіктің қорларының құрылу тәртібі, мөлшері, мол көзі және қаражаттар жұмсалуды оның жоғарғы органымен белгіленеді.

5. БІРЛЕСТІКТІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚҰРАЛЫМЫ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

5.1. Бірлестікте:

- жоғарғы орган - Жалпы жиналысы;
- атқарушы орган — Директорлар кеңесі (Әрі қарай мәтінде – Кеңес), оған Президент басшылық етеді;
- бақылаушы орган - Тексеру комиссиясы жұмыс істейді.

Мүшелердің жалпы жиналысының мүшелері, Директорлар кеңесі, Президент және Президенттің орынбасары өз қызметін тегін жүзеге асырады.

5.2. Жалпы жиналысы

5.2.1 Бірлестіктің жоғары басқару органы болып қажеттілік шамасында, бірақ жылда бір реттен кем емес мезгілде шақырылатын оның мүшелерінің Жалпы жиналысы табылады.

Жалпы жиналысты өткізу орны және ойланған күн тәртібі Бірлестік Кеңесінің шешімімен белгіленеді.

5.2.2 Бірлестіктің мүшелері жылдық Жалпы жиналыс өткізілгеніне дейін екі ай мерзімнен кешікпей пошта не факс арқылы хабарландырылу керек.

5.2.3 Жалпы жиналыстың кезектен тыс шақырылуы Бірлестік Кеңесінің, оның Президентінің шешімі бойынша немесе Кеңестің алдына осы мәселені қоятын, не Жалпы жиналысты тікелей шақыратын Бірлестіктің мүшелерінің 1/3 бастамасы негізінде шақырылуы мүмкін.

5.2.4 Егер Жалпы жиналыста кемінде 1/5 басым Бірлестіктің мүшелері (немесе олардың заңды өкілдері) қатысатын болса Жалпы жиналыс шешім қабылдауға хақылы деп есептеледі.

5.2.5 Жалпы жиналыстың ерекше күзіретіне келесі мәселелер жатқызылған:

1. Бірлестіктің аталуының өзгеруі, соның ішінде Бірлестіктің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
2. Бірлестіктің қызметінің басым бағыттарын айқындау;
3. Бірлестіктің басқару органдарының құрылу тәртібін, күзіретін, ұйымдастыру құрылымын және олардың өкілеттіктерін тоқтату тәртібін белгілеу;
4. атқарушы органдарының қаржы есеп берулердің тәртібін және мерзімін, және де тексеруші органмен тексерулер жүргізу тәртібін белгілеу және олардың нәтижелерін бекіту;
5. Бірлестікті өз еркімен қайта құру және тарату жөнінде шешім қабылдау;
6. заңды актілерінде белгіленген шегімен, Бірлестікпен басқа заңды тұлғаларды құруына немесе олардың қызметіне қатысу құру туралы шешім қабылдау;
7. кәсіпкерлік қызметінің қорытындысы бойынша түскен түсімдер мен табыстарды пайдалану жөнінде шешім қабылдау;
8. Бірлестіктің қызметіне қатысты басқа да мәселелерді қарастыру.

5.2.6 Жалпы жиналыстың барлық шешімдері Жалпы жиналыста қатысатын Бірлестік мүшелерінің ашық немесе жабық дауыс берумен жай көпшілік дауыспен өткізіліп қабылданады. Бірлестіктің әр мүшесі бір дауысқа ғана ие болады.

5.3. Бірлестіктің Кеңесі.

5.3.1 Бірлестіктің Кеңесі күнделікті жұмыс істейтін атқарушы басқару органы болып табылады, ол өз қызметін жылдық Жалпы жиналыстар арасындағы мерзімде іске асырады. Басқарма Бірлестіктің Жиналысымен оның мүшелері арасынан 3 жыл мерзімге тақ саныда қалыптастырылады.

5.3.2 Басқарма Бірлестіктің Президенті басшылық етеді. Президенті басқа, Кеңестің құрамына Президентінің орынбасарлары және Кеңестің мүшелері кіреді.

5.3.3 Бірлестіктің Кеңесі:

- қайта сайлануы мүмкін;
- Жалпы жиналыстың әзірлеуін және өткізуін қамтамасыз етеді, Бірлестіктің қызметінде жарғылық талаптарын орындалуына бақылау жүргізуді ұйымдастырады;
- Президентінің ұсынысы бойынша Кеңестің мүшелерінің арасында міндеттерді бөліп береді;
- Бірлестіктің штаттық жұмысшыларының қызмет нұсқаусын және оларды қуту шығыс сметасын
- бекітеді, құрылымы мен санын белгілейді;
- Бірлестікке жаңа мүшелерді қабылдайды немесе оларды Бірлестік мүшелері санынан шығару туралы шешім шығарады;
- Бірлестіктің мүшелерімен енгізілетін кіріс және мүшелік жарналарды төлеу тәртібін және мөлшерін бекітеді;
- Бірлестіктің қызметі бойынша әдістемелік және нұсқаулы құжаттарды қабылдайды;
- Жалпы жиналыстың шешімдерін орындауды қамтамасыз етеді, Бірлестіктің мүшелерімен бірігіп әрекет жасаудан нақты жоспарлары мен бағадарламаларын дайындауды және орындауды ұйымдастырады;
- Жалпы жиналыстың қарауына шығарылатын мәселелерді алдын ала талқылайды;
- қаржылық есептерді, жарналардың мөлшерін анықтайды, шығыс сметасын бекітеді және оны сақтау туралы есепті тыңдайды;
- Бірлестіктің баспа органдарын, оның өндіріс-шаруашылық бөлімшелерін құру туралы шешім шығарады;
- хатшысын сайлайды;
- президентін сайлайды;
- осы Жарғыға сәйкес Бірлестіктің ағымдағы қызметіне қатысты және Жалпы жиналыстың құзыретіне жатқызылмаған өзге де мәселелерді қарастырып шешеді.

5.3.4 Кеңестің мәжілістері қажеттілік шамада, бірақ жылына бір реттен кем емес мерзімде өткізеді. Күнтізбелік жыл аяқталғанда Кеңестің есептік отырыс өткізілуге тиіс.

Кеңестің кезектен тыс мәжілістері Басқарма мүшелерінің көпшілік бастамасы бойынша немесе Бірлестік мүшелерінің үштен екі басым талап еткені бойынша шақырылу мүмкін.

5.3.5 Егер Кеңестің мәжілісінде оның Президенті және/немесе барлық мүшелері (немесе олардың уәкілетті өкшдері) қатысатын болса, Басқарма шешім қабылдауға хақылы.

Кеңестің шешімдері оның мүшелерінің 1/2 дауыс беруімен қабылданады, олар хаттама жасаумен рәсімделеді және оған Президенті мен Кеңестің басқа мүшелері қолдарын қою керек.

Дауыс теңдік болған жағдайда Басқарма Төрағасының дауысы шешім шығарушы деп есептеледі. Кеңестің отырыстарында Басқарма мүшесі Кеңестің басқа мүшелеріне оның өкілі болу үшін тапсыруға жол берілмейді

5.3.6 Басқарма Президенті (осыдан ары қарай Бірлестіктің Президенті) Бірлестіктің және оның Кеңесінің қызметіне тікелей басшылық етеді. Президентінің өкілеттік мерзімі – 1 жыл.

5.3.7 Бірлестіктің Президенті:

- қайта сайлануы мүмкін;
- Кеңестің отырыстарын шақырады және оларға төрағашылық етеді, оның шешімдеріне қол қояды;
- Жалпы жиналыстың және Кеңестің шешімдерін орындалуын және олардың орындалуына бақылау жүргізуді ұйымдастырады;
- Қазақстан Республикасының аумағындағы және оның шет аймақтарындағы ведомстволарда, мекемелер мен кәсіпорындарда Бірлестіктің мүддесін көрсетеді;
- Бірлестіктің атынан сенімхатсыз іс жүргізеді;
- Бірлестіктің жұмыс құжаттарына қол қояды, сенімхаттар береді, қаржы-шаруашылық құжаттарға біріншіден қол қоюға құқысы бар;
- Бірлестіктің атынан келісімдер, шарттар, контракттар жасайды;
- Жалпы жиналыстың және Кеңестің қалауына шығарылатын мәселелерді, не тиісті құжаттардың жобаларын дайындауын ұйымдастырады;
- Бірлестіктің іс жүргізу жұмысының жағдайы негізінде және құжаттардың сақталуы бойынша жауап береді;
- Бірлестікпен және оның құрылымдық бөлімшелерімен қоғамдық бірлестіктердің қызметін белгілейтін заңдарды сақтау негізінде жауапкершілікте болады;
- штаттық аппаратын құрастырады (заңмен белгіленген тәртіппен тағайындайды және іске алған қызметінен босатады) және оның жұмысының нәтижелілігін қамтамасыз етеді;
- Бірлестіктің өндірістік-шаруашылық және басқа да жұмысшы бөлімшелердің басшыларын тағайындайды және қызметінен босатады;
- мамандарды, жұмысшыларды және қызметкерлерді еңбек келісімі бойынша уақытша жұмысқа шақыруға құқысы бар;
- банкілік есеп-шоттарды ашады, Бірлестіктің мүлкіне және басқа қаражаттарына олардың тағайындалуына сәйкес билік жүргізеді;
- Бірлестік Жиналысының және Кеңестің шешімдері бойынша басқа да уәкілдер үлестіріп беріледі.

5.3.8 Президентінің орынбасары:

- Жалпы жиналыстың және Кеңестің шешімдерін пайдаға асыруын ұйымдастырады және орындалуына бақылау жүргізеді;
- Президент болмаған кезде оның міндеттерін атқарады;
- Жалпы жиналыстың және Кеңестің қалауына шығарылатын мәселелерді, сондай-ақ тиісті құжаттардың жобаларын дайындауды ұйымдастырады;
- Бірлестіктің іс жүргізу жұмысын және құжаттардың сақталуын ұйымдастырады;
- Президентінің тапсырмасы бойынша оның бөлек қызметерін орындайды;
- Жалпы жиналыстың және Кеңестің шешімдері бойынша басқа да уәкілдер үлестіріп беріледі.

5.4 Тексеру комиссиясы.

5.4.1 Бірлестіктің Жалпы жиналысымен 3 адам санынан 3 жыл мерзімге сайланатын тексеру комиссиясы Бірлестіктің қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асырады, есептер мен есеп берулердің күйін, шығыстар жүйесінің орындалуын тексереді. Тексерулер жылда бір реттен кем емес мезгілде жүргізілуі керек, Тексеру комиссиясы өз жұмысы туралы есептерді Бірлестіктің Жалпы жиналысына бекітілуіне беруге тиіс. Тексеру комиссиясы тек қана Бірлестіктің Жалпы жиналысына есеп береді.

Бірлестік Кеңесінің және басқа басқарушы органдарының мүшелері Тексеру комиссиясының мүшелері бола алмайды.

5.4.2 Тексеру комиссиясының мәжілістері тексеру комиссиясының Төрағасымен бекітілген жұмыс тәртібіне сәйкес жүргізіледі.

Егер тексеру комиссиясының Төрағасы болмаған жағдай болса комиссиясының практикалық қызметін оның хатшысы ұйымдастырады.

5.4.3 Егер тексеру комиссиясы мүшелерінің кімі де болса белгіленген мерзім өткеніне дейін шығып кеткен болса, оның құрамы осы жарғыда көзделген санына дейін толықтырылуы керек және олар Жиналыста бекітіледі.

5.5 Бірлестіктің басқару мен бақылау органдарының міндеті, жұмыс тәртібі Қазақстан Республикасының қолданылатын заңдарына және Бірлестіктің Жарғысына сәйкес белгіленеді.

6. БІРЛЕСТІКТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1 Бірлестік Қазақстан Республикасының заңдары бойынша заңды тұлға болып табылады. Бірлестіктің құқысы мен міндеттері Қазақстан Республикасының қолданылатын заңымен және осы Жарғымен белгіленеді.

6.2 Бірлестік өзінің жарғылық мақсаттарына жету үшін:

- өз қызметі туралы ақпарат таратуға;
- соттар мен басқада мемлекеттік органдарда, өзге де қоғамдық бірлестіктерде өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін білдіруге және қорғауға;
- бұқаралық ақпарат құралдарын құруға;
- бейбіт жиналыстарды ұйымдастыруға және өткізуге;
- баспа қызметін жүзеге асыруға;
- халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктерге кіруге;
- Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де өкілеттікті жүзеге асыруға құқылы.

6.3 Бірлестік міндетті:

- Қазақстан Республикасының заңдарын, сондай-ақ жарғыда көзделген нормаларды сақтауға;
- өз мүшелерінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен және шешімдермен олардың танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге;
- ақша қаражатының келіп түсуі мен жұмсалуды туралы өз мүшелерін хабардар етуге;

- тұрақты жұмыс істейтін басшы орган орналасқан жердің және Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілетін мәліметтер көлемінде басшылар туралы деректердің өзгергені туралы тіркеуші органға хабарлап отыруға міндетті.
- 6.4 Бірлестік өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлкімен жауап береді.

7. БІРЛЕСТІК МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

7.1 Бірлестікте мүшелік жеке. Бірлестіктің жеке мүшелері болып Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ Бірлестіктің принциптері мен мақсаттарын бөлісетін және оның Жарғысын мойындайтын азаматтығы жоқ адамдар мен шетелдік азаматтар бола алады.

7.2 Бірлестіктің жеке мүшелігіне қабылдау және мүшеліктен шығу азаматтың жазбаша өтініші негізінде Бірлестіктің Кеңесімен оның мүшелерінің жай көпшілік ашық дауыс беру жолымен шешім шығарылады, мұндай шешім одан кейін Бірлестік мүшелерінің Жалпы жиналысында бекітілу керек.

7.3 Бірлестіктің мүшесі:

- творчестволық бостандыққа;
- Бірлестіктің басқару органдарына сайлауға және тағайындалуына;
- өзінің құқысы мен мүддесіне қатысты құжаттар және шешімдермен танысу, сондай-ақ Бірлестіктегі өзінің қызметін талқылауға қатысу;
- Бірлестіктің қызметі жөнінде және де Бірлестіктің қаржыларын түсуі және жұмсау туралы толық мәлімет алуға;
- Бірлестіктің қарауына жататын творчестволық, заңдылық және әлеуметтік көмектің барлық түрлерімен пайдалануға;
- халықаралық творчестволық және коммерциялық ұйымдарда қатысуға, шет елде творчестволық қызмет жүргізуге;
- Бірлестіктің қызметін жақсарту жөнінде ұсыныс жасауға, мәселелерді қоюға және талқылауға;
- Бірлестіктің мүшелері құрамынан шығуға құқылы.

7.4 Бірлестіктің мүшесі:

- Бірлестік Жарғысының ережелерін және басқару органдарының шешімдерін бұзбауға;
- Бірлестіктің жұмысына белсенді қатысуға, оның көзқарасы мен қағидаларын қорғауға;
- өзінің мүшелік жарналарын уақытында енгізуге.

7.5 Бірлестіктің мүшесі оның жарғылық нормалары мен ішкі регламентін орындамағаны үшін; өзіне жүктелген міндеттерді орындамаған үшін; белгіленген уақытта мүшелік жарнаны төлемегені үшін шығарылуы мүмкін. Бірлестіктен мүшені шығарып тастауы Бірлестік Кеңесінің шешімімен іске асырылады.

Қауымдастықтағы мүшелік тоқтатылған жағдайда, тұлға бір мезгілде Қауымдастықтағы барлық сайланбалы міндеттер бойынша өзінің барлық өкілеттіктерінен бас тартады.

Бірлестік мүшелерінің санаттары.

Бірлестіктің мүшелері мүшелік талаптарына жауап беретін және Жарғыны сақтайтын Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар бола алады.

1. Студенттер Мүшелері.

Оқушылар мүшелер – бұл кәсіптік колледждер, университеттер және т.б. сияқты танылған оқу орындарына қабылданған студент мәртебесіне ие жеке тұлғалар. Студенттер Бірлестікке жарналарды тікелей немесе өздерінің университеттері/колледждері арқылы төлей алады.

2. Жеке Мүшелер.

Жеке мүшелер — бұл Бірлестікке жарналарды тікелей төлейтін жеке тұлғалар.

3. Корпоративтік Мүшелер.

Корпоративтік мүшелер-бұл тау жыныстары мен тау-кен механикасын дамытуға қолдау көрсетуге мүдделі Қауымдастыққа қауымдастықтар, компаниялар және басқа да ұжымдық органдар жарна төлетін жеке тұлғалар.

4. Жарамды Мүшелер.

Мүшеліктің ең жоғары дәрежесі-тау жыныстары мен тау-кен механикасы саласында ерекше жетістіктерге қол жеткізген және Бірлестік арқылы кәсіби қоғамдастыққа үлес қосқан Бірлестікпен байланысты тұлғаларға берілетін Бірлестіктің толық мүшесі.

8. БІРЛЕСТІКТІҢ ЖАРҒЫСЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАРДЫ ЕНГІЗУ

8.1. Осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар тек Бірлестіктің Жалпы жиналысының шешімімен енгізіледі және бұл шешім осы Жарғының 5-бөлімінің 5.2.4-тармағында белгіленген тәртіпке және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, соның ішінде «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қабылданады.

8.2. Жарғыға өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу туралы ұсыныстарды келесі тұлғалар енгізе алады:

Жалпы жиналысы;

Директорлар кеңесі;

Бірлестік мүшелерінің кемінде үштен бірі.

8.3. Өзгерістер мен толықтырулардың жобасы алдын ала Директорлар кеңесі қаралады және Жалпы жиналысқа енгізіледі. Бірлестік мүшелеріне жобаның мәтіні Жалпы жиналыс өткізілерден кемінде 10 күн бұрын ұсынылуы тиіс.

8.4. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім Жалпы жиналысқа қатысқан мүшелердің жалпы санының жай көпшілігімен қабылданады, жиналыстың кворумы осы Жарғыда белгіленген тәртіппен анықталады.

8.5. Қабылданған өзгерістер мен толықтырулар жиналыс хаттамасында рәсімделеді, ол төрағалық етуші мен хатшы қол қоя отырып бекітіледі, содан кейін Жарғының жаңа редакциясы немесе қосымшасы түрінде рәсімделеді.

8.6. Жарғыға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткізілуі тиіс.

8.7. Жарғыға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап заңды күшіне енеді.

8.8. Бірлестік тіркелген өзгерістер мен толықтырулардың барлық нұсқаларын және олардың тіркелгенін растайтын құжаттарды міндетті түрде сақтауға тиіс.

9. ҚАРЖЫ ЖЫЛ ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРУІ

9.1 Бірлестіктің қаржылық жылы күнтізбелік жылына сәйкес келеді.

9.2 Бірлесті.2 ктің бухгалтерлік есебі және статистикалық есеп беруі қолданылатын заңдармен белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

9.3 Бірлестік жылдық қаржылық есебінің дұрыстығы үшін жауап береді. Жылдық қаржылық есебінің дұрыстығы тексеру комиссиясымен расталуы керек.

Бірлестік қаржылық есебінің дұрыстығын растауы үшін Бірлестікпен, оның мүшелерімен және басқару органдарының мүшелерімен мүлдіктік мүддесіне қатыспайтын кәсіперлі аудиторды таратуға мүмкін.

Аудиторлық тексеруі Бірлестік мүшелерінің талабымен әрбір уақытта тексерілуі керек.

10. БІРЛЕСТІКТІҢ ФИЛИАЛДАРЫ МЕН ӨКІЛДІКТЕРІ

10.1 Бірлестіктің филиалы оның тұрған жерінен тыс орналасқан және оның міндеттерінің бәрін немесе бір бөлігін, соның ішінде өкілдіктің міндетін жүзеге асыратын бірлестіктің оқшауланған бөлімшесі болып табылады. Бірлестік филиалдар мен өкілдіктерді тек Алматы қаласында ашуға құқылы.

10.2 Бірлестіктің емес ұйымның өкілдігі оның тұрған жерінен тыс орналасқан және Бірлестіктің мүдделерін қорғауды және оның өкілдігін жүзеге асыратын, оның атынан мәмілелер және өзге де құқықтық іс-әрекеттер жасайтын коммерциялық емес ұйымның оқшауланған бөлімшесі болып табылады.

10.3 Филиалдар мен өкілдіктер заңды тұлғалар болып табылмайды. Олар Бірлестіктің мүлкін иемденеді және ол бекіткен ереже негізінде әрекет етеді. Филиалдың немесе өкілдіктің мүлкі жеке баланста және оларды Бірлестіктің балансында ескеріледі.

10.4 Бірлестіктің филиалдары мен басшыларын Бірлестіктің Жалпы жиналысы тағайындайды және оның сенімхаты негізінде әрекет етеді.

10.5 Филиал және өкілдік өздерін құрған Бірлестіктің атынан қызметін жүзеге асырады. Өз филиалының не өкілдігінің қызметі үшін оларды құрған Бірлестіктің жауапкершілікте болады.

10.6 Заңда белгіленген Бірлестіктің филиалдары мен өкілдіктері есептік тіркелуге, ал атауын өзгерткен жағдайда - қайта тіркелуге жатады.

11. БІРЛЕСТІКТІҢ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ

11.1 Бірлестіктің қызметін тоқтатылуы:

— Бірлестіктің Жалпы жиналысының шешімі бойынша;

— Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген жағдайда сот шешімі бойынша қайта ұйымдастыру және тарату жолымен жүзеге асырылады.

11.2 Бірлестікті қайта ұйымдастыру (қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, өзгерту) заңдарда көрсетілген тәртіппен жүргізіледі.

Қосылу нысанда қайта ұйымдастырылған жағдайды санамағанда, жаңа құрылған бірлестіктер тіркелген кезеңнен бастап Бірлестік қайта ұйымдастырылған деп саналады.

1. Заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) оның мүлкінің меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның, құрылтайшылардың (қатысушылардың), сондай-ақ заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында уәкілеттік берілген органның шешімі бойынша не Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда сот органдарының шешімі бойынша жүргізіледі. Қазақстан Республикасының заңнамасында қайта ұйымдастырудың басқа да нысандары көзделуі мүмкін.

2. Қайта құру ерікті түрде немесе ықтиярсыз жүргізілуі мүмкін.

3. Заң құжаттарында көзделген реттерде ықтиярсыз қайта құру сот органдарының шешімі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

Егер заңды тұлғаның мүлкін меншіктенуші, ол уәкілдік берген орган, құрылтайшылар немесе заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында қайта құруға уәкілдік берілген органы заңды тұлғаны қайта құруды сот органының шешімінде белгіленген мерзімде жүзеге асырмаса, сот заңды тұлғаның басқарушысын тағайындайды және оған осы заңды тұлғаны қайта құруды жүзеге асыруды тапсырады. Басқарушы тағайындалған кезден бастап заңды тұлғаның ісін басқару жөніндегі өкілеттік соған ауысады. Басқарушы сотта заңды тұлғаның атынан әрекет етеді, бөлу балансын жасайды және оны заңды тұлғаны қайта құру нәтижесінде туындайтын құрылтай құжаттарымен бірге соттың бекітуіне береді. Аталған құжаттарды соттың бекітуі жаңадан пайда болған заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін негіз болады.

4. Заңды тұлға, біріктіру нысанында қайта құрылатын реттерді қоспағанда, жаңадан пайда болған заңды тұлғалар тіркелген кезден бастап қайта құрылған деп есептеледі.

Заңды тұлға оған екінші бір заңды тұлғаның қосылуы жолымен қайта ұйымдастырылған кезде қосылған заңды тұлға қызметінің тоқтатылғаны туралы мәліметтер Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілген кезден бастап олардың біріншісі қайта ұйымдастырылды деп есептеледі.

11.3 Қайта ұйымдастырылған кезде Бірлестіктің құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Жалпы жиналысымен белгіленген тәртіппен және шарттарға сәйкес оның мирасқорларына беріледі.

11.4 Бірлестіктің таратылуы қолданылатын заңдарда көзделген тәртібімен және мерзімде Жалпы жиналысымен немесе сотпен тағайындалатын тарату комиссиясымен іске асырылады.

Тарату комиссиясы тағайындалған кезеңнен бастап оған Бірлестіктің ісін басқаруға уәкіл беріледі.

11.5 Жалпы жиналыстың шешімі бойынша таратылған кезде бюджетпен есеп айрысқан және несие берушілердің талаптарын қунағаттандырылғаннан кейін қалған Бірлестіктің мүлкі осы Жарғыда көзделген мақсаттарға бағытталады және үкәс мақсаттары мен міндеттері бар басқа ұйымға беріледі.

11.6 Бірлестіктің таратылуы қолданылатын заңдармен көзделген тәртібі бойынша Бірлестікті тіркеген органымен жүзеге асырылады.

11.7 Бірлестіктің таратылуы аяқталды, ал коммерциялық емес ұйым өз қызметін тоқтатты деп бұл жөнінде мәліметтер Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілгеннен кейін есептеледі.

1. Заңды тұлға мүлкінің меншік иесі немесе заңды тұлғаны тарату туралы шешім қабылдаған орган бұл туралы заңды тұлғаларды тіркеуді жүзеге асыратын әділет органына не «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына, тіркелген жеріндегі мемлекеттік кіріс органына дереу жазбаша түрде немесе электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдана отырып, интернет-ресурс арқылы хабарлауға міндетті.

2. Заңды тұлғаның мүлкін меншіктенуші немесе заңды тұлғаны тарату туралы шешім қабылдаған орган тарату комиссиясын құрады және тарату тәртібі мен мерзімін белгілейді.

Тарату комиссиясы құрылған кезден бастап заңды тұлғаның мүлкін және істерін басқару жөнінде өкілеттік соған ауысады. Тарату комиссиясы сотта таратылатын заңды тұлға атынан әрекет етеді.

3. Тарату комиссиясы заңды тұлғаны тарату, сондай-ақ оның кредиторларының талаптарын мәлімдеу тәртібі мен мерзімі туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының барлық аумағына таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында жариялайды. Банкроттық жағдайларын қоспағанда, талаптарды мәлімдеу мерзімі тарату туралы хабарландыру жарияланған кезден бастап екі айдан кем болмауы тиіс. Банкроттық кезінде кредиторлардың банкротқа қоятын талаптары кредиторлардың талаптарын мәлімдеу тәртібі туралы хабарландыру жарияланған кезден бастап бір ай мерзімнен кешіктірілмей мәлімделуге тиіс.

Тарату комиссиясы несие берушілерді анықтау және қарыздарын алу үшін шаралар қолданады, сондай-ақ несие берушілерге заңды тұлғаның таратылғандығы туралы жазбаша хабарлайды.

4. Несие берушілер талаптарын қоюға арналған мерзім аяқталғаннан кейін тарату комиссиясы аралық тарату балансын жасайды, онда таратылатын заңды тұлға мүлкінің құрамы, несие берушілер қойған талаптар тізбесі, сондай-ақ оларды қарау нәтижелері туралы мәліметтер болады.

Аралық тарату балансын заңды тұлғаның мүлкін меншіктенуші немесе заңды тұлғаны тарату жөнінде шешім қабылдаған орган бекітеді.

5. Егер таратылатын заңды тұлғаның ақшасы несие берушілердің талабын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болса, тарату комиссиясы заңды тұлғаның мүлкін сот шешімдерін орындау үшін белгіленген тәртіп бойынша жария сатуды жүзеге асырады.

Таратылатын заңды тұлға мүлкінің құрамына енгізілген кепілге салынған мүлікті жария сауда-саттықта сату кезінде кепілді кредиторлардың талаптары кепілге салынған мүлікті өткізуден алынған сома шегінде басқа кредиторлардың алдында артықшылықпен қанағаттандырылады.

Кепіл нысанасын өткізуден түскен сома жеткіліксіз болған жағдайда, кепілді кредитор талаптарының қалған сомасы белгіленген кезектілік тәртібімен қанағаттандырылады.

6. Тарату комиссиясы таратылатын заңды тұлғаның кредиторларына ақша төлеуді аралық тарату балансы бекітілген күннен бастап, соған сәйкес, белгіленген кезектілік тәртібімен жүргізеді.

Таратылатын заңды тұлға мүлкінің құрамында кепілге салынған мүлік болған кезде кепілді кредитор өз талаптарын кепілге салынған мүлікті заттай қабылдау арқылы қанағаттандыруға құқылы.

Тарату комиссиясы кепілді кредитордан кепілге салынған мүлікті заттай қабылдайтыны туралы хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде мүлікке бағалау жүргізеді.

Кепілге салынған мүлікті кепілді кредиторға беру осы тармақтың бесінші және алтыншы бөліктерінде көзделген талаптар ескеріле отырып, бағалау жүргізілгеннен кейін жүргізіледі.

Егер кепілге салынған мүліктің кепіл нысанасын бағалауға жұмсалған шығыстар шегерілгендегі бағалау құны кепілді кредитордың талаптарынан көп болған жағдайда, онда кепілді кредитор осы айырманы таратылатын заңды тұлға мүлкінің құрамына қайтарады.

Егер кепілге салынған мүліктің кепіл нысанасын бағалауға жұмсалған шығыстар шегерілгендегі бағалау құны кепілді кредитордың талаптарынан аз болған жағдайда, кепілді кредитордың айырма мөлшеріндегі талаптары белгіленген кезектілік тәртібімен қанағаттандырылуға жатады.

7. Несие берушілермен есеп айырысу біткеннен кейін тарату комиссиясы тарату балансын жасайды, оны заңды тұлғаның мүлкін меншіктенуші немесе заңды тұлғаны тарату туралы шешім қабылдаған орган бекітеді.

8. Несие берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлік құрылтай құжаттарында көрсетілген мақсаттарға жұмсалады.

9. Заңды тұлғаның таратылуы аяқталды, ал заңды тұлға өз қызметін тоқтатты деп бұл жөнінде мәліметтер Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілгеннен кейін есептеледі.

1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1 Общественное объединение «**Казахстанское Общество Механики Горных Пород**», именуемое в дальнейшем "Объединение", создано и действует на основе добровольности, равноправия их членов (участников), самоуправления, законности, отчетности и гласности деятельности.

1.2 Объединение приобретает права юридического лица с момента государственной регистрации и осуществляет свою деятельность в рамках Конституции Республики Казахстан, Гражданского кодекса Республики Казахстан, Законов Республики Казахстан "Об общественных объединениях" от 31.05.1996 г. и "О некоммерческих организациях" от 16.01.2001 г., иных нормативных правовых актов Республики Казахстан на основании настоящего Устава.

1.3 Статус Объединения - местное общественное объединение, действующее на территории города Алматы. Объединение не имеет структурных подразделений (филиалов и представительств).

1.4 Наименование Объединение:

- на государственном языке: «**Қазақстан тау жыныстары механикасы қоғамы**» қоғамдық бірлестігі, сокращённо «**ҚазГЖМҚ**» ҚБ;
- на русском языке: Общественное объединение «**Казахстанское Общество Механики Горных Пород**», сокращённо ОО «**КазОМГП**»;
- на английском языке: «**Kazakhstan Society for Rock Mechanics**» public association, сокращённо «**KazSRM**» PA.

1.5 Место нахождения (адрес) Объединения и постоянно действующего руководящего органа: Республика Казахстан, город Алматы, район Алмалинский, 050026, улица Ауэзова, дом №14А.

1.6 Срок деятельности Объединения не ограничен.

2. ЦЕЛИ И ПРЕДМЕТ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

2.1 Объединение образовано в целях взаимодействия между Международным обществом механики горных пород и локальной группой специалистов в Республике Казахстан.

2.2 Предметом деятельности Объединения является:

- внесение вклада в академический и технологический прогресс посредством научных исследований и международного сотрудничества между учёными и инженерами в области механики горных пород и смежных дисциплин;
